



БҰЙРЫҚ

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ _____

город Астана

№ 265-НҚ от 09.06.2025

**2024 жылға арналған жылдық
қаржылық есептілікті бекіту,
2024 жылға таза табысты бөлу
тәртібі, қарапайым акциялар
бойынша дивидендтер төлеу
туралы шешім қабылдау,
«Хабар» агенттігінің
акционерлік қоғамының бір
қарапайым акциясына
шаққандағы дивидендтер
мөлшерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағы 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 56-бабының 2-тармағына, «Хабар» агенттігінің акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің 2025 жылғы 31 мамырдағы №2 хаттамалық шешіміне және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2025 жылғы 3 маусымдағы №КГИП-02-КГ/5702 хатына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Хабар» агенттігінің акционерлік қоғамының 2024 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігін бекіту (әрі қарай – Қоғам), орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Д. Қонаев көшесі, 4-үй, банктік және басқа да деректемелері: БИН: 980 640 000 529, БИК ККМФКZ2А, ИИК: KZ74070KK1KS00025004, «Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» РММ, БИК: IRTYKZKA, ИИК: KZ7396503F0009626800 «ForteBank» АҚ, КБЕ 17.

2. Қоғамның таза табысын бөлудің келесі тәртібі 2024 жылға 79 844 243

(жетпіс тоғыз миллион сегіз жүз қырық төрт мың екі жүз қырық үш) теңге 88 тиын мөлшерінде айқындалсын:

Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін анықтау: 2024 жылға арналған таза табыстың мөлшері 79 844 243 (жетпіс тоғыз миллион сегіз жүз қырық төрт мың екі жүз қырық үш) теңге 88 тиын, бұл 100 (жүз) пайызды құрайды. Осы сома толықтай республикалық бюджетке төленетін дивидендтер ретінде бағытталсын.

3. Дивиденд мөлшерін анықтау: Бір қарапайым акцияға дивиденд мөлшері – 12 (он екі) теңге 26 тиын. Дивидендтер есептелген кезде Қоғамның жалпы акцияларының саны 6 512 652 дана болып табылады.

4. Қоғамының Басқарма төрағасы К. Ойшыбаевқа:

1) Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде заңнамаға сәйкес Қоғамның мемлекеттік акциялар пакеті бойынша дивидендтерді аударуды қамтамасыз ету;

2) 10 (он) жұмыс күні ішінде 2024 жылға арналған жылдық қаржылық есептілікті қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз ету;

3) 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында Қоғамның 2024 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігін жариялауды қамтамасыз ету.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің вице-министріне жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және Қоғамның жалғыз акционері қабылдаған шешім болып табылады.

**Қазақстан Республикасының
Мәдениет және Ақпарат
министрі**



А. Балаева